

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ
Директорлар кеңесінің
2014 жылғы «15» қыркүйек
шешімімен (№ 07/14 хаттама)
«БЕКІТІЛГЕН»

**«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының
инсайдерлік ақпаратын басқаруға және пайдалануға ішкі бақылау
ҚАҒИДАЛАРЫ**

Астана, 2014 жыл

МАЗМҰНЫ

- 1-тарау. Жалпы ережелер
- 2-тарау. Негізгі анықтамалар
- 3-тарау. Инсайдерлік ақпарат
- 4-тарау. Холдингтің инсайдерлері
- 5-тарау. Холдингтің инсайдерлері тізімін жүргізу
- 6-тарау. Инсайдерлік ақпаратты басқаруға және пайдалануға бақылау
- 7-тарау. Холдинг қызметкерлерінің инсайдерлік ақпаратты басқаруға және пайдалануға бақылаудың ерекшеліктері
- 8-тарау. Инсайдерлік ақпаратты ашу тәртібі
- 9-тарау. Инсайдерлік ақпаратты ашу мерзімін кейінге шегеру
- 10-тарау. Инсайдерлік ақпаратты заңсыз пайдаланғаны үшін жауапкершілік
- 11-тарау. Қорытынды ережелер
- 1-қосымша. Инсайдерлер тізімінің нысаны
- 2-қосымша. Тұлғаны Холдингтің инсайдерлер тізіміне енгізу туралы хабарлама

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының инсайдерлік ақпаратын басқаруға және пайдалануға ішкі бақылау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасының өзге нормативтік құқықтық актілеріне, «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Холдинг) ішкі құжаттарына сәйкес әзірленді.

2. Осы Қағидалардың мақсаты Холдингінің инсайдерлік ақпаратты басқаруға және пайдалануға шектеу мәселелерін регламенттейтін Қазақстан Республикасының заңнамалық нормаларының сақталуын қамтамасыз етуі, сондай-ақ Холдингінің іскерлік беделін, корпоративтік басқарудың жоғары дәрежесін, корпоративтік есептілігін және тұрақтылығын сақтау, қолдау және деңгейін арттыру болып табылады.

3. Осы Қағидалар Холдингінің инсайдерлік ақпаратына жататын ақпараттың тізбесін, инсайдерлік ақпаратты ашу тәртібі мен мерзімін, инсайдерлік ақпаратқа рұқсат беру құқықтарын ажырату мен инсайдерлердің осы ақпаратты заңсыз пайдалану мүмкіндігін болдырмау үшін ішкі бақылау қағидаларын, инсайдерлік ақпаратқа рұқсаты бар тұлғалардың тізімін жүргізу, сондай-ақ оларды тізімнен шығару және оны өзекті күйде ұстау тәртібін, инсайдерлік ақпаратты жария еткені үшін жауапкершілікті және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге ережелерді айқындайды.

4. Осы Қағидаларда реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасына және Холдингінің ішкі нормативтік құжаттарына, сондай-ақ Холдинг шығарған бағалы қағаздарды шет мемлекеттің аумағында қызметін жүзеге асыратын, қор биржасында сауда-саттыққа түсетін бағалы қағаздар тізіміне енгізумен және сонда тұрумен байланысты Холдингіке қолданылатын талаптарға сәйкес реттеледі.

5. Осы Қағидалар талаптарының сақталуына тікелей бақылауды жүзеге асыратын Холдингінің жауапты құрылымдық бөлімшесі Корпоративтік қаржы департаменті болып табылады.

6. Инсайдерлік ақпаратты басқару және пайдалану бөлігіндегі осы Қағидалар Холдингінің немесе сауда-саттықты ұйымдастырушының (сауда-саттықты ұйымдастырушының тізімінде Холдингінің бағалы қағаздарын енгізген және сонда тұрған жағдайда) интернет ресурсында инсайдерлік ақпаратқа және осы Қағидаларға қатысты Холдингінің инсайдерлері болып танылған тұлғалардың Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарының орындалуын қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік және орыс тілдерінде орналастырылады, сондай-ақ Холдингінің ішкі құжаттарында бекітілген тәртіппен және мерзімдерде Холдингінің инсайдерлеріне олардың сұрау салулары бойынша берілуі мүмкін.

2-тарау. Негізгі анықтамалар

7. Осы Қағидаларда пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

инсайдерлік ақпарат – Холдингтің бағалы қағаздары (туынды қаржы құралдары), олармен жасалған мәмілелер, сондай-ақ Холдинг туралы, оның коммерциялық құпияны құрайтын қызметі туралы шынайы ақпарат, сондай-ақ үшінші тұлғаларға белгісіз, оны ашу бағалы қағаздар (туынды қаржы құралдары), құнының өзгеруіне және Холдингтің қызметіне ықпал ете алатын өзге ақпарат. Инсайдерлік ақпарат Қазақстан Республикасының заңнамасына және/немесе осы Қағидаларға сәйкес ол пайда болу сәтінен бастап оны көпшілік арасында жария ету сәтіне дейін инсайдерлік болып табылады;

инсайдер – Холдингтің инсайдерлік ақпаратына рұқсаты бар тұлға;

жауапты бөлімшелер – Холдингтің барлық құрылымдық бөлімшелері;

инсайдерлердің тізімі – осы Қағидаларға сәйкес құралатын және жаңартылып отыратын, Холдингтің инсайдерлік ақпаратына рұқсаты бар тұлғалардың тізімі;

уәкілетті орган – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі.

3-тарау. Инсайдерлік ақпарат

8. Холдингтің инсайдерлік ақпаратына мынадай ақпарат жатады:

1) Холдингтің қаржылық есептілігі;

2) қаржылық есептіліктен басқа, меншікті капитал жеткіліктілігінің коэффициенті туралы деректерді қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей, Холдингтің қаржылық жағдайына қатысты өзге деректер;

3) бағалы қағаздар ұстаушылардың мүддесін қозғайтын Холдингтің қызметіндегі өзгерістер туралы ақпарат:

- Холдинг органдары құрамының өзгеруі;

- Холдингтің дауыс беру акцияларының он және одан да көп пайызын иемденетін акционерлер құрамының өзгеруі;

- Холдингті, оның еншілес ұйымдары мен тәуелді акционерлік қоғамдарын қайта ұйымдастыру немесе тарату;

- Холдинг мүлкіне тыйым салу;

- Холдинг активтерінен бес және одан көп да пайызын құрайтын сомаға Холдингтің мүлкін кепілге (қайта кепілге) беру;

- Холдинг лицензиясын алу, тоқтату және одан айыру;

- Холдингтің жалғыз акционерінің шешімдері;

- Холдинг әрбір сондай ұйымның акцияларының (үлестерінің, пайларының) он және одан да көп пайызын иемденетін ұйымдардың тізіміндегі өзгерістер;

- эмиссиялық бағалы қағаздар шығарылымының проспектісіне енгізілетін өзгерістер;

- мемлекеттік емес акциялар шығарылымының проспектісінде көзделген талаптарды Холдингтің сақтамауы туралы, Холдинг жіберген дефолт фактілері туралы ақпарат;

4) Холдингтің корпоративтік оқиғалары туралы ақпарат;

- олар туралы ақпарат Холдингінің ішкі құжаттарына сәйкес Жалғыз акционер мен инвесторлардың назарына жеткізілуі тиіс мәселелердің тізбесі бойынша Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесі қабылдаған шешімдері;

- Холдингінің акцияларды және басқа бағалы қағаздарды шығаруы және уәкілетті органның Холдингінің бағалы қағаздарын орналастыру қорытындылары туралы есептерін, Холдингінің бағалы қағаздарын өтеу қорытындылары туралы есептерін бекітуі, уәкілетті органның Холдингінің бағалы қағаздарын жоюы;

- олардың жасалуында Холдингінің мүддесі бар Холдингінің ірі мәмілелер мен мәмілелерді жасалуы;

- Холдингінің активтерінен бес және одан да көп пайызын құрайтын сомаға Холдингінің мүлкін кепілге (қайта кепілге) беру;

- Холдингінің меншікті капиталы мөлшерінен жиырма бес және одан көп пайызын құрайтын мөлшерде Холдингінің қарыз алуы;

- Холдингінің қандай да бір қызмет түрін жүзеге асыруға лицензиялар алуы, қандай да бір қызмет түрін жүзеге асыруға Холдинг осыдан бұрын алған лицензиялардың қолданысын уақытша тоқтату немесе тоқтату;

- Холдингінің заңды тұлғаны құруға қатысуы;

- Холдингінің мүлкіне тыйым салу;

- нәтижесінде баланстық құны Холдинг активтерінің жалпы мөлшерінен он және одан да көп пайызын құраған Холдинг мүлкі жойылған төтенше сипатқа ие жағдайлардың орын алуы;

- Холдингі және оның лауазымды тұлғаларын әкімшілік жауапкершілікке тарту;

- сотта корпоративтік дау бойынша істі қозғау;

- Холдингі мәжбүрлеп қайта ұйымдастыру туралы шешімдер;

- Холдингінің Жарғысына, сондай-ақ Холдингінің бағалы қағаздар шығарылымының проспектісіне сәйкес Холдингінің Жалғыз акционері мен инвесторлардың мүддесін қозғайтын өзге де оқиғалар;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес инсайдерлік ақпарат ретінде айқындалатын өзге де ақпарат.

9. Инсайдерлік ақпаратқа мыналар жатпайды:

1) бағалы қағаздың (туынды қаржы құралдары) құнына, Холдингінің мүліктік жағдайына қатысты инвестициялық шешімдер қабылдау және (немесе) бағалы қағаздармен (туынды қаржы құралдарымен) операцияларды жүзеге асыру туралы ұсынымдар мен ұсыныстарды әзірлеу мақсатында жасалған зерттеулерді, болжамдарды және бағалауды қоса алғанда жалпыға қолжетімді мәліметтер негізінде әзірленген ақпарат;

2) бұқаралық ақпарат құралдарынан алынған ақпарат;

3) алынған көзі белгісіз, көпшілік арасында таратылған, расталмаған ақпарат, сондай-ақ Холдингінің ағымдағы немесе жоспарланатын қызметіне қатысты болжамдар.

4-тарау. Холдингінің инсайдерлері

10. Холдингтің инсайдерлері ретінде мынадай тұлғалар танылады:

1) өздерінің функционалдық міндеттері мен өкілеттіліктеріне байланысты инсайдерлік ақпаратқа рұқсаты бар Холдингтің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері;

2) осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілмеген, олардың тиісті жобаға қатысуына байланысты инсайдерлік ақпаратқа уақытша рұқсаты бар Холдингтің қызметкерлері, сондай-ақ басқа персоналмен қамтамасыз ету (персоналдың аутсорсинг қызметтері) бойынша уақытша жұмысқа орналастыру жөніндегі агенттіктердің қызметтерін сатып алу туралы шарт негізінде Холдингке қызмет көрсететін тұлғалар;

3) Холдингтің дауыс беру акцияларының (жарғылық капиталдағы қатысу үлестерінің) он немесе одан да көп пайызын тікелей немесе жанама түрде иелену, пайдалану және (немесе) қолдануға байланысты инсайдерлік ақпаратқа рұқсаты бар тұлғалар;

4) талаптарында инсайдерлік ақпаратты ашу көзделген жасалған шартқа (оның ішінде ауызша шартқа) сәйкес Холдингке қызмет көрсететін аудиторлық ұйым, бағалаушы, бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушылары және басқа да тұлғалар;

5) тізіміне Холдинг шығарған (ұсынған) бағалы қағаздар (туынды қаржы құралдары) қосылған сауда-саттықты ұйымдастырушы;

6) қор биржасының директорлар кеңесі, қор биржасының листингтік комиссиясы мүшелері және айла-шарғы мақсатында бағалы қағаздармен жасалған мәмілелерді тану мәселелерін қарастыру үшін құрылған, оның сауда жүйесінде Холдингтің бағалы қағаздарымен мәмілелер жасалатын қор биржасының сараптамалық комитет мүшелері;

7) Холдингтің қызметіне мемлекеттік бақылау мен қадағалау бойынша оларға берілген функцияларға байланысты инсайдерлік ақпаратқа рұқсаты бар мемлекеттік қызметкерлер;

8) Холдинг мүшесі болып табылатын қоғамдық бірлестіктер мен өзін-өзі реттейтін ұйымдар және оларға берілген өкілеттіліктерге байланысты инсайдерлік ақпаратқа рұқсаты бар, осы тармақтың 3), 4) және 5) тармақшаларында көрсетілген ұйымдар;

9) өздерінің қызметтік жағдайы мен еңбек міндеттеріне байланысты инсайдерлік ақпаратқа рұқсаты бар, осы тармақтың 3), 4), 5) және 8) тармақшаларында көрсетілген ұйымдардың қызметкерлері;

10) осы тармақтың 1) - 9) тармақшаларында көрсетілген тұлғалардан инсайдерлік ақпаратты алған тұлғалар.

5-тарау. Холдингтің инсайдерлері тізімін жүргізу

11. Холдинг және ол шығарған (ұсынған) бағалы қағаздар (туынды қаржы құралдары) туралы инсайдерлік ақпаратты басқаруға және пайдалануға бақылауды қамтамасыз ету мақсатында Холдинг осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша осы Қағидалардың 10-тармағы 1) - 5), 8)

тармақшаларында көрсетілген тұлғалардың тізімін (бұдан әрі – инсайдерлердің тізімі) жүргізеді және оны өзекті күйде ұстайды.

12. Холдинг инсайдерлерге осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша хабарлама (бұдан әрі – хабарлама) жолдау арқылы инсайдерлердің тізіміне енгізілген тұлғаларды олар инсайдерлердің тізіміне енгізілгені (шығарылғаны) туралы, инсайдерлік ақпаратты басқару және пайдалану бөлігінде «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының және осы Қағидалардың талаптары туралы хабардар етеді.

13. Инсайдерлердің тізімін жүргізуге, оны өзекті түрде ұстауға, инсайдерлік ақпаратқа рұқсат алған, олар инсайдерлердің тізіміне енгізілгені (тізімнен шығарылғаны) туралы тұлғаларды хабарландыруға, инсайдерлерді инсайдерлік ақпаратты басқару және пайдалану бөлігінде «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының және осы Қағидалардың талаптары туралы хабарландыруға жауапты бөлімше Корпоративтік қаржы департаменті болып табылады.

Корпоративтік қаржы департаменті тұлғаны тізімге енгізу (тізімнен шығару) үшін негіздеме пайда болған күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күн ішінде тұлғаны инсайдерлердің тізіміне енгізу немесе тізімінен шығару туралы хабарламаны инсайдерлердің тізіміне енгізілген тұлғаға тікелей береді немесе осы хабарламаны дәл сол тұлға алған фактіні растауға мүмкіндік беретін тәсілмен аталған тұлғаның белгілі мекенжайына жолдайды.

14. Холдинг инсайдерлердің тізімін уәкілетті органға оның талабы бойынша ұсынуға міндетті.

15. Уәкілетті органға ұсынылатын Холдингтің инсайдерлері тізімі Холдингтің инсайдерлік ақпаратына рұқсаты бар тұлғалар туралы мынадай ақпаратты:

- 1) тегі, аты, бар болған жағдайда – тұлғаның әкесінің аты, туылған күні;
- 2) заңды тұлғаның атауы, орналасқан жері, заңды тұлғаның мемлекеттік тіркеуін (қайта тіркеуін) растайтын құжаттың деректемелері;
- 3) оған сәйкес тұлға инсайдер ретінде анықталатын, тұлғаны инсайдерлердің тізіміне енгізудің негіздемесі;
- 4) инсайдерлердің тізіміне енгізу үшін негіздеменің пайда болған күні;
- 5) инсайдерлердің тізімінен шығарылған күнді қамтуы тиіс.

16. Сонымен бірге, Холдингтің инсайдерлері тізімі инсайдерлік ақпаратқа рұқсаттың сипаты (тұрақты немесе уақытша) туралы, Холдингтің инсайдерге хабарламаны жібергені туралы және инсайдерлік ақпаратты жарияламау туралы міндеттемені қамтитын инсайдер қол қойған хабарламаны Холдинг алғаны туралы ақпаратты қамтиды.

17. Холдинг шығарған бағалы қағаздарды шетелдік қор биржасында саудаланатын бағалы қағаздар тізіміне енгізумен және сонда тұрумен байланысты Холдингке қолданылатын талаптарды орындау мақсатында Корпоративтік қаржы департаменті инсайдерлердің тізімін шетелдік қор биржасына сондай биржа белгілеген мерзімдерде және талаптармен ұсынады. Мерзімдер белгіленбеген жағдайда, шетелдік қор биржасына инсайдерлердің тізімі сұрау түскен күнінен бастап 3 (үш) жұмыс күн ішінде беріледі.

18. Инсайдерлердің тізімінен шығарылған тұлғалар туралы деректер олар инсайдерлердің тізімінен шығарылған күнінен бастап 1 (бір) жыл бойы сақталады.

19. Осы Қағидалардың 10-тармағы 3) - 5), 8) тармақшаларында көрсетілген Холдингке қатысты инсайдерлер болып табылатын тұлғалар заңнама талаптарын және осы Қағидалардың 24-тармағы 3) тармақшасын орындау мақсатында өз қызметті жағдайы мен еңбек міндеттеріне байланысты Холдингтің инсайдерлік ақпаратына рұқсаты бар өз қызметкерлерінің тізімін Холдингке сондай тізімі қалыптасқан немесе оған өзгерістер енгізілген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күн ішінде ұсынуға міндетті.

Осы Қағидалардың 10-тармағы 3) - 5), 8) тармақшаларында көрсетілген тұлғалар Холдингтің сұрауы бойынша сондай сұрауды алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктермей, Холдингтің инсайдерлік ақпаратына рұқсаты бар өз қызметкерлерінің тізімін ұсынуға міндетті.

Осы Қағидалардың 10-тармағы 3) - 5), 8) тармақшаларында көрсетілген инсайдерлер инсайдерлердің тізімінен шығарылған қызметкерлер туралы деректерді инсайдерлерді тізімнен шығарған күнінен бастап 5 (бес) жыл бойы сақтайды.

20. Осы Қағидалардың 12-ші және 24-ші тармақтарын орындау мақсатында соның салдарынан оларға инсайдерлік ақпарат қолжетімді болатын тұлғалармен азаматтық-құқықтық қатынастарды орнату кезінде аталған тұлғалармен жасалатын шартта аталған тұлғалардың өз инсайдерлерінің (қызметтік жағдайы мен еңбек міндеттеріне байланысты Холдингтің инсайдерлік ақпаратына рұқсаты бар қызметкерлердің) тізімін жүргізу, өз инсайдерлері тізіміне енгізілген қызметкерлерді тізімге енгізу/одан шығару туралы хабарландыру туралы, инсайдерлік ақпаратты жариялағаны және/немесе заңсыз пайдаланғаны үшін жауапкершілік туралы міндеттемелері, сондай-ақ өз инсайдерлері тізімінің көшірмесін осы Қағидаларда белгіленген мерзімдерде және тәртіппен ұсыну міндеттемесі қарастырылуы мүмкін.

21. Осы Қағидалардың 10-тармағы 2) және 2) тармақшаларында көрсетілген тұлғаларды Холдингтің инсайдерлері тізіміне енгізу/одан шығару және Холдингтің инсайдерлеріне қатысты бекітілген рәсімдерді сақтау мақсатында қызметкерлерінің инсайдерлік ақпаратқа уақытша рұқсаты бар тиісті бөлімшенің басшысы, сондай-ақ осы Қағидалардың 10-тармағы 4) тармақшасында көрсетілген тұлғалармен өзара іс-қимылды жүзеге асыратын бөлімшенің басшысы көрсетілген тұлғаларға инсайдерлік ақпаратқа рұқсат беру/инсайдерлік ақпаратқа рұқсат беру құқығын тоқтату күніне дейін 5 (бес) жұмыс күн ішінде оларды Холдингтің инсайдерлері тізіміне енгізу/Холдингтің инсайдерлері тізімінен шығару қажеттілігі туралы тиісті негіздемесі бар қызметті жазбаны Корпоративтік қаржы департаментіне жолдаулары тиіс.

Осындай қызметкерлерді инсайдерлердің тізіміне енгізу/одан шығару қажеттілігі туралы шешімді Корпоративтік қаржы департаментінің директоры қабылдайды.

22. Инсайдерлердің тізімін уақтылы өзектендіру мақсатында Адам ресурстарын басқару департаменті Холдингтің қызметкерлерін жұмысқа қабылдау, жұмыстан босату және ауыстыру туралы Корпоративтік қаржы департаментін хабардар етеді.

6-тарау. Инсайдерлік ақпаратты басқаруға және пайдалануға бақылау

23. Инсайдерлердің:

1) бағалы қағаздармен (туынды қаржы құралдарымен) мәмілер жасау кезінде инсайдерлік ақпаратты пайдалануға;

2) Қазақстан Республикасының Заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, инсайдерлік ақпаратты үшінші тұлғаларға беруге немесе үшінші тұлғалар үшін қолжетімді етуге;

3) инсайдерлік ақпаратқа негізделген бағалы қағаздармен мәмілелер жасау туралы ұсынымдарды үшінші тұлғаларға ұсынуға құқығы жоқ.

24. Осы Қағидалардың 10-тармағы 3) - 5), 8) тармақшаларында көрсетілген инсайдерлер:

1) өздерінің қызметтік жағдайы мен еңбек міндеттеріне байланысты Холдингтің инсайдерлік ақпаратына рұқсаты бар қызметкерлерінің тізімін жүргізуге;

2) инсайдерлік ақпаратты пайдалануға тыйым салу бөлігінде Қазақстан Республикасы заңнамасының және осы Қағидалардың талаптары туралы өз қызметкерлерін хабардар етуге;

3) өздерінің қызметтік жағдайы мен еңбек міндеттеріне байланысты Холдингтің инсайдерлік ақпаратына рұқсаты бар қызметкерлері туралы осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен және мерзімдерде Холдингті хабардар етуге міндетті.

25. Инсайдерлер Холдингтің инсайдерлік ақпаратына үшінші тұлғалар мен оларға қызметтік міндеттерін орындау үшін бұл ақпарат қажет етілмейтін өз қызметкерлері тарапынан қолжетімділікті шектеу үшін қажетті шараларды қабылдауға міндетті.

26. Инсайдерлік ақпаратқа қауіп төнген немесе рұқсат етілмеген жария ету фактісі орнатылған немесе Холдингтің инсайдерлік ақпаратын қамтитын құжаттар (ақпарат тасығыштар) жоғалған кезде инсайдер бұл туралы Холдингті дереу хабардар етуге міндетті.

7-тарау. Холдинг қызметкерлерінің инсайдерлік ақпаратты басқаруға және пайдалануға бақылаудың ерекшеліктері

27. Инсайдерлік ақпаратқа рұқсаты бар Холдингтің жауапты бөлімшелерінің басшылары, Холдингтің қызметкерлері: инсайдерлік ақпарат оларға өз қызметтік міндеттерін орындау үшін қажет емес Холдингтің өзге қызметкерлерінің, сондай-ақ үшінші тұлғалардың тарапынан инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділікті шектеу үшін қажетті шаралардың қабылдануын

қамтамасыз етуге; инсайдерлік ақпаратқа рұқсат құқығына ие тұлға мәртебесін жоғалтқан кезде оның қарамағындағы барлық ақпарат тасығыштарда қамтылған инсайдерлік ақпаратты қағаз және электрондық тасығыштарда тікелей басшыға тапсыруға міндетті, бұл ретте, Холдингтің ұйымдастырушылық техникасы мен өзге де мүлкі Холдингтің ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен тапсырылады.

Холдингтің қызметкерлері оларға белгілі болған кез келген фактілерді:

1) лауазымдық міндеттемелерге байланысты оларға жариялануға тиісті емес, бірақ үшінші тұлғалардан оларға белгілі болған Холдингтің инсайдерлік ақпараты туралы;

2) оған құқықтары жоқ тұлғалардың инсайдерлік ақпаратқа рұқсатының болуы туралы;

3) жоғарыда көрсетілген кез келген тұлға Холдингтің инсайдерлік ақпараты заңсыз пайдаланғаны туралы, оның ішінде Холдингтің қызметкерлері, Холдингтің инсайдерлері, Холдингтің әріптестері Холдингтің инсайдерлік ақпаратын жеке мүддесі, сондай-ақ туыстарының мүддесі үшін пайдаланғаны туралы өзінің тікелей басшысының және Корпоративтік қаржы департаментінің қызметкерлерінің назарларына дереу жеткізуге міндетті.

28. Инсайдерлік ақпаратқа қауіп төнген немесе рұқсат етілмеген жария ету фактісі орнатылған кезде немесе Холдингтің инсайдерлік ақпаратын қамтитын құжаттар (ақпарат тасығыштар) жоғалған кезде Холдингтің инсайдер – қызметкері өзінің тікелей басшысын хабардар етуге міндетті, өз кезегінде, ол бұл туралы Корпоративтік қаржы департаментінің директорын дереу хабардар етеді.

29. Инсайдерлік ақпаратқа рұқсаты бар Холдингтің қызметкерлері инсайдерлік ақпаратқа рұқсаты жоқ қызметкерлердің көзінше инсайдерлік ақпаратқа қатысты талқылауларды жүргізбеуге тиіс.

30. Инсайдерлік ақпарат пайдаланылуы мүмкін сарапшылармен, инвесторлармен өтетін кездесулерге, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарында ресми сұхбаттар беруге Холдингтің Басқарма Төрағасы және/немесе Холдинг Басқармасының мүшелері ғана немесе Холдингтің тиісті ішкі құжатында немесе Холдингтің Басқарма Төрағасының бұйрығында осындай іс-қимылдарға арнайы уәкілеттілік берілген тұлғалар (бұдан әрі – уәкілетті тұлғалар) ғана қатыса алады.

31. Холдинг инсайдерлік ақпарат құпиялылығының тиісті режимін Холдингтің бөлімшелері сақтау үшін қажетті ұйымдастырушылық-техникалық талаптарды, оның ішінде:

1) еңбек және азаматтық-құқықтық шарттарда тиісті талаптарды;

2) ақпаратты жоғалтып алудан және оның ішінде байланыс каналдары бойынша оған рұқсат етілмеген қолжетімділіктен сақтайтын инсайдерлік ақпарат құпиялылығын қорғаудың ақпараттық-техникалық жүйелері мен құралдардың болуын;

3) басқа да орынды шараларды қамтамасыз етеді.

Өзінің қызметінде инсайдерлік ақпаратты пайдаланатын Холдингтің бөлімшелері инсайдерлік ақпараттың сақталуын инсайдерлік ақпарат

күпиялылығының тиісті режимін қамтамасыз ететін талаптар бойынша жүзеге асыруға тиіс.

32. Инсайдерлік ақпаратқа рұқсаттама құқықтары жоқ, бірақ іс жүзінде оған рұқсат алған тұлғалар:

- 1) онымен танысуды тоқтатуға;
- 2) инсайдерлік ақпараттың күпиялылығын сақтау бойынша жеткілікті шаралар қабылдауға;
- 3) инсайдерлік ақпаратты тарату немесе беру мүмкіндігін жоққа шығаруға;
- 4) Корпоративтік қаржы департаменті директорының нұсқауларына сәйкес әрекет етуге міндетті.

8-тарау. Инсайдерлік ақпаратты ашу тәртібі

33. Инсайдерлік ақпаратты ашу (Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) осы Қағидаларда көзделген жағдайларда) оны Холдингтің www.baiterek.gov.kz – интернет-ресурсында, сауда-саттықты ұйымдастырушысының және бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес анықталған қаржылық есептілік депозитарийінің (бұдан әрі – қаржылық есептілік депозитарийі) интернет-ресурстарында, әлеуметтік желілерде (бар болған жағдайларда) орналастыру және (немесе) күн сайын шығатын «Егемен Қазақстан» мен «Казахстанская правда» газеттерінде жариялау арқылы мемлекеттік және орыс тілдерінде барлық мүдделі тұлғалар үшін ашық қолжетімділік түрінде жүзеге асырылады.

Инсайдерлік ақпаратты шетелдік қор биржаларында ашу ағылшын тілінде жүзеге асырылады.

Холдингтің бағалы қағаздары сауда-саттықты ұйымдастырушысының тізіміне енгізілген кезде Холдинг Холдинг туралы және олардың жариялануы бағалы қағаздардың (туынды қаржы құралдарының) құнына және Холдингтің қызметіне ықпал етуін мүмкін ол шығарған (ұсынған) бағалы қағаздар (туынды қаржы құралдары) туралы инсайдерлік ақпараттың ашылуын осы бағалы қағаздардың (туынды қаржы құралдарының) саудасы басталғанға дейін сауда-саттықты ұйымдастырушының ережелерінде бекітілген тәртіппен және талаптарда қамтамасыз етеді.

34. Осы Қағидалардың 8-тармағы 3) тармақшасында көрсетілген Холдингтің бағалы қағаздарын ұстаушылардың мүддесін қозғайтын оның қызметіндегі өзгерістер туралы инсайдерлік ақпарат қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында орналастырылады және осындай өзгерістер пайдан болған күнінен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде осы Қағидалардың 33-тармағында көрсетілген бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады.

35. Осы Қағидалардың 8-тармағы 4) тармақшасында көрсетілген Холдингтің корпоративтік оқиғалары туралы инсайдерлік ақпарат Қазақстан

Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімдерде қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында орналастырылады.

36. Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) сауда-саттықты ұйымдастырушысының ережелерінде оны ашу мерзімдері айқындалмаған өзге инсайдерлік ақпаратты Холдинг, егер ондай ақпараттың заңсыз таратылуы немесе жайылуы Холдингтің бағалы қағаздары (туынды қаржы құралдары) құнының өзгеруіне немесе Холдинг қызметіне ықпал етсе, өте қысқа мерзім ішінде ашуы тиіс.

Осы Қағидаларда белгіленген бірнеше бұқаралық ақпарат құралдарында инсайдерлік ақпаратты орналастыру (жариялау) арқылы оны ашу кезінде инсайдерлік ақпаратты ашудың күні бұқаралық ақпарат құралдарында инсайдерлік ақпаратты алғашқы орналастырудың (жариялаудың) күні болып есептеледі.

37. Сауда-саттықты ұйымдастырушысының тізіміне енгізілген бағалы қағаздар шет мемлекеттердің аумағында жұмыс істейтін қор биржаларының сауда жүйелерінде айналымға түскен кезде инсайдерлік ақпарат мына тәсілдердің бірі арқылы ашылуға жатады:

1) көпшілік арасында инсайдерлік ақпараттың ашылуын көздейтін хабарламалар Холдингтің бағалы қағаздары олардың тізімдеріне енгізілген барлық қор биржаларының атына бір мезетте жолданады, одан кейін тізбесі осы Қағидалармен айқындалған өзге бұқаралық ақпарат құралдарында орналастырылады (жарияланады);

2) көпшілік арасында инсайдерлік ақпараттың ашылуын көздейтін хабарламалар Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін қор биржасының атына жолданады, одан кейін Холдингтің бағалы қағаздары олардың тізімдеріне енгізілген, шет мемлекеттерінің аумағында жұмыс істейтін барлық қор биржаларының атына жолданады және тізбесі осы Қағидалармен айқындалған өзге бұқаралық ақпарат құралдарында орналастырылады (жарияланады).

38. Шетелдік қор биржаларының және Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін қор биржасының талаптарына сәйкес инсайдерлік ақпараттың ашылуын Корпоративтік қаржы департаменті жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес инсайдерлік ақпаратты баспа БАҚ-тарда ашу қажет болған жағдайда, тиісті бөлімше инсайдерлік ақпараттың уақтылы ашылуын осы Қағидаларда көрсетілген баспа БАҚ-тарда PR-қызметі арқылы қамтамасыз етеді.

39. Холдингтің интернет-ресурсында жарияланған инсайдерлік ақпарат жариялау күнінен бастап бір жыл бойы адамдардың шектелмеген ортасы үшін қолжетімді болуы тиіс.

40. Холдинг оның қаржы құралдары ұйымдастырылған бағалы қағаздардың нарығына жіберілген немесе бұл тиісті заңи құзыреттерде қор биржаларының листингтік талаптарымен көзделген болса, қор биржасының ресми тізіміне енгізілген барлық заңи құзыреттерде инсайдерлік ақпараттың бір мезетте ашылуын қамтамасыз ету үшін орынды шараларды қабылдайды.

9-тарау. Инсайдерлік ақпаратты ашу мерзімін кейінге шегеру

41. Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін жағдайларда Холдинг өзінің заңды құқықтарын қорғау мақсатында жауапкершілікті өзіне ала отырып, инсайдерлік ақпаратты ашу мерзімін мына талаптар негізінде кейінге шегере алады:

1) бұндай кейінге шегеру Холдингтің қаржылық жағдайына қатысты қоғамды/инвесторларды жаңылыстырмайды, сондай-ақ қоғам үшін теріс әлеуметтік-экономикалық салдарларға әкеп соқтырмайды;

2) Холдинг осы ақпараттың құпиялылығын сақтауды қамтамасыз етуге қабілетті.

42. Осы Қағидалардың 41-тармағының мақсаттары үшін заңды құқықтарды қорғау ұғымы инсайдерлік ақпаратты ашу осындай келіссөздердің нәтижесіне немесе жүргізу барысына жағымсыз әсер ете алатын келіссөздерді (оның ішінде, бірақ олармен шектелмей, Холдингтің орнықты қаржы жағдайын сақтауға бағытталған келіссөздерді) жүргізуге байланысты инсайдерлік ақпаратты ашуды кейінге шегеруді, сондай-ақ алдын ала мақұлдау туралы хабарламасы бар ондай шешімді жария түрде ашу ол ақпаратты инвесторлардың теріс бағалау тәуекеліне әкелетін Холдингтің Басқарма Төрағасы Холдингтің Директорлар кеңесі тарапынан мақұлдануға жататын шешімді қабылдаған жағдайда инсайдерлік ақпаратты ашуды кейінге шегеруді білдіреді.

43. Холдинг кез келген күтпеген елеулі оқиғаға тап болған жағдайларда мән-жайды айқындау үшін инсайдерлік ақпаратты ашуды кейінге шегеру Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына қайшы келмесе, инсайдерлік ақпаратты ашуды кейінге шегеруге рұқсат етіледі.

44. Белгілі бір инсайдерлік ақпаратты ашуға жауапты болып табылатын тиісті бөлімше осы Қағидалардың 39-тармағына сәйкес фактілерді анықтау мен жағдайды бағалауға дейін инсайдерлік ақпаратты рұқсатсыз ашу мүмкін деп пайымдауға негіздемелер бар болған жағдайда, сондай-ақ инсайдерлік ақпарат құпия негізде оларға сенім тапсырылған тұлғалар тарапынан ол ақпарат ашылған кезде немесе ондай ашылудың қауіпі бар болған жағдайларда алдын ала ақпараттық хабарламаның жариялануын қамтамасыз етеді.

Жауапты бөлімшелердің басшылары осындай жағдайлардың орын алғаны туралы тиісті қызметтік жазбаны жолдау арқылы тиісті бөлімшені хабардар етеді.

45. Инсайдерлік ақпаратты құрайтын ақпаратқа негізделген және барынша сенімді болып табылатын жарияланымдар мен деректер бұқаралық ақпарат құралдарында пайда болған кезде Холдинг осы Қағидаларда көзделген тәртіппен осындай ақпаратты ашуды кейінге шегеруді болдырмау қажеттілігін бағалайды.

46. Инсайдерлік ақпаратты ашуды кейінге шегеру немесе инсайдерлік ақпаратты ашуды кейінге шегеруді болдырмау туралы шешімді Холдингтің Басқарма Төрағасы (оның орнын басатын тұлға) қабылдайды.

10-тарау. Инсайдерлік ақпаратты заңсыз пайдаланғаны үшін жауапкершілік

47. Осы Қағидалардың 6-тарауында көрсетілген шектеулерді сақтамау, инсайдерлік ақпаратты заңсыз пайдалану және тарату жағдайларында осындай бұзушылықтарға жол берген тұлғалар азаматтық-құқықтық, әкімшілік және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге жауапкершілікке тартылады. Холдингтің қызметкерлері болып табылатын инсайдерлер де Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес тәртіптік жауапкершілікке тартылуы мүмкін.

11-тарау. Қорытынды ережелер

48. Осы Қағидалар бекітілген күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

49. Осы Қағидаларға өзгерістер және (немесе) толықтырулар Қазақстан Республикасы заңнамасының және/немесе Холдингтің ішкі құжаттарының өзгерістері және/немесе толықтыруларына байланысты енгізіледі.

50. Осы Қағидалардың талаптары бұзылған жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамасына және Холдинг шығарған бағалы қағаздарды шет мемлекеттің аумағында қызметін жүзеге асыратын, қор биржасында сауда-саттыққа түсетін бағалы қағаздар тізіміне енгізумен және сонда тұрумен байланысты Холдингке қолданылатын шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес жауапкершілік белгіленеді.

Инсайдерлерін тізімін жүргізуге жауапты тұлға:

№	Аты-жөні, лауазымы /занды тұлғаның атауы	Жеке тұлғаның туылған күні/Орналасқан жері, заңды тұлғаның мемлекеттік тіркеуін (қайта тіркеуін) растайтын құжаттың деректемелері	Тізімге енгізудің негіздемесі	Тізімге енгізу үшін негіздеменің пайда болған күні	Тізімнен шығарылған күні	Инсайдерлік ақпаратқа рұқсаттың сипаты (тұрақты/уақытша)	Холдингтің инсайдерге хабарламаны жібергені туралы белгі	Хабарлама алынды және инсайдер қол қойды

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-ның
инсайдерлік ақпаратын басқаруға және
пайдалануға ішкі бақылау қағидаларына
2-қосымша

Құпия

**Тұлғаны «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік
қоғамының инсайдер тізіміне енгізу туралы хабарлама**

Хабарламаны жіберу күні:

«__» _____ 20__ж.

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Холдинг) инсайдерлік ақпаратына Сіздің рұқсатыңыз болғандықтан, Сіз Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарына және Холдингінің инсайдерлік ақпаратын¹ басқаруға және пайдалануға ішкі бақылау қағидаларына сәйкес Холдингінің инсайдерлері тізіміне енгізілдіңіз.

Инсайдерлік ақпаратқа рұқсатыңыз тоқтатылған кезде Сіз Холдингінің инсайдерлері тізімінен шығарыласыз, ол туралы жазбаша хабарландырылатын боласыз.

Инсайдерлік ақпаратты пайдалануға шектеулер

Холдингінің инсайдері бола отырып, Сіздің:

1) бағалы қағаздармен (туынды қаржы құралдарымен) мәмілелер жаса кезде инсайдерлік ақпаратты пайдалануға;

2) Қазақстан Республикасының Заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, инсайдерлік ақпаратты үшінші тұлғаларға беруге немесе үшінші тұлғалар үшін оны жария етуге;

3) инсайдерлік ақпаратқа негізделген бағалы қағаздармен мәмілелер жасау туралы ұсынымдарды үшінші тұлғаларға ұсынуға құқығыңыз жоқ.

Құпиялылықты сақтау туралы міндеттеме

Сізге белгілі болған немесе келешекте белгілі болатын инсайдерлік ақпарат қатаң құпия болып табылады және үшінші тұлғаларға жария етілмейді. Сіз уәкілетті емес тұлғалардың инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділікті шектеу бойынша барлық қолжетімді тиімді шараларды қабылдауға тиістісіз.

Инсайдерлік ақпаратты заңсыз пайдаланғаны үшін жауапкершілік

¹ **Инсайдерлік ақпарат** – Холдингінің бағалы қағаздары (туынды қаржы құралдары), олармен жасалған мәмілелер, сондай-ақ Холдинг туралы, оның коммерциялық құпияны құрайтын қызметі туралы шынайы ақпарат, сондай-ақ үшінші тұлғаларға белгісіз, оны ашу бағалы қағаздар (туынды қаржы құралдары), құнының өзгеруіне және Холдингінің қызметіне ықпал ете алатын өзге ақпарат.

Жоғарыда көрсетілген шектеулерді сақтамау, инсайдерлік ақпаратты заңсыз пайдалану және тарату жағдайдаларында Сіз азаматтық-құқықтық, әкімшілік және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жауапкершілікке тартылуыңыз мүмкін, сондай-ақ, егер Сіз Холдингтің қызметкері болып табылсаңыз, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес Сізге қатысты тәртіптік жазалар қолданылуы мүмкін.

Осы хатқа қол қоя отырып, Сіз Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген инсайдерлерге қатысты жоғарыда көрсетілген шектеулерді қабылдайтыңызды, сондай-ақ, инсайдерлік ақпаратты жарияламау туралы жоғарыда көрсетілген міндеттерді қабылдайтыңызды және инсайдерлік ақпаратты заңсыз пайдаланғаны және таратқаны үшін санкциялармен танысқандығыңызды растайсыз.

Осы хабарламаға қол қойып, осы хабарламаны алған күнінен бастап 5 жұмыс күнінен кешіктірмей, қол қойылған хабарламаның көшірмесін Холдингке қайтаруды сұраймыз.

..... (Аты-жөні, қолы)

..... (Күні)

«УТВЕРЖДЕНЫ»
решением Совета директоров
АО «НУХ «Байтерек»
от «15» сентября 2014 г.
(протокол № 07/14)

ПРАВИЛА
внутреннего контроля за распоряжением и использованием
инсайдерской информации АО «НУХ «Байтерек»

Астана, 2014 год

ОГЛАВЛЕНИЕ

- Глава 1. Общие положения
- Глава 2. Основные определения
- Глава 3. Инсайдерская информация
- Глава 4. Инсайдеры Холдинга
- Глава 5. Ведение списка инсайдеров Холдинга
- Глава 6. Контроль за распоряжением и использованием инсайдерской информации
- Глава 7. Особенности контроля за распоряжением и использованием инсайдерской информации работниками Холдинга
- Глава 8. Порядок раскрытия инсайдерской информации
- Глава 9. Отсрочка раскрытия инсайдерской информации
- Глава 10. Ответственность за неправомерное использование инсайдерской информации
- Глава 11. Заключительные положения
- Приложение 1. Форма списка инсайдеров
- Приложение 2. Уведомление о включении лица в список инсайдеров Холдинга

Глава 1. Общие положения

1. Настоящие Правила внутреннего контроля за распоряжением и использованием инсайдерской информации АО «НУХ «Байтерек» (далее – Правила) разработаны в соответствии с Законом Республики Казахстан «О рынке ценных бумаг», Законом Республики Казахстан «Об акционерных обществах», иными нормативными правовыми актами Республики Казахстан, внутренними документами АО «НУХ «Байтерек» (далее – Холдинг).

2. Целью настоящих Правил является обеспечение соблюдения Холдингом норм законодательства Республики Казахстан, регламентирующего вопросы ограничения на распоряжение и использование инсайдерской информации, а также сохранение, поддержание и повышение уровня деловой репутации, высокой степени корпоративного управления, корпоративной отчетности и стабильности Холдинга.

